

1. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути – Алматы, 1998.
2. Байпаков К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. – Алматы: «Қазақ Университеті», 2006.
3. Бахтыбаев М.М., Арынов К.С., Мурғабаяев С.С., 2022 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласының қорымында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері // Journal of history. №3 (106). 2022 – Б. 122-137.
4. Сиздиқов Б.С., Жетібаев К.М., Гурсой М., Мурғабаяев С.С. XVIII-XIX ғасырлардағы тұрғын үй құрылымы (ортағасырлық Сығанақ қаласы негізінде) // Отан тарихы.- №2 (98) 2022 – Б. 217-229.



Сығанақтың жалпы көрінісі

ДИРИЖЕР ӨНЕРІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ – АЙТҚАЛИ ЖАЙЫМОВ

Жұмаханқызы З.

Ғылыми жетекшісі: а.о. Бегалова М.С.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Zeinepzhumahan@icloud.com

Арқалық қаласы.

Өнер мәдениеттің құрамдас бөлігі бола отырып, оның біртұтастығы толық сақталған кішкене сипаты. Ол адамның көркемдік қызметінің жемісі болғандықтан, адам санасының синкретті тұтастығының да көрінісі. Өнер, сөйтіп мәдениет бейнесі болып табылады. Өнер мәдениеттің кілті сияқты. Өнерді тану арқылы мәдениетті, әлемді тануға жетеді

Қай халық болмасын өз өнерін өзінің рухани тілі ретінде қолданғанын ескерсек, өнер де ана тілі сияқты халық тілін құрайтын сыңар бола алады. Сондықтан Д.Ушинский айтқандай, баланы халық тіліне ендіру арқылы біз оны халықтың рух саласына, халықтың ой-сезіміне, халық өмірінің ішкі дүниесіне өндіреміз.

Өнерде адам қызметі мен мәдениеттің жалпы тұтас бейнесі бар. Ол - көркем мәдениеттің өзегі.

Өнер әлемді және адамды синтезді түрде танытады. Онда ақыл-ой, адамгершілік, сезім, әрекеттер біртұтастықта сезініледі. Бұл - өнердің синтездеуші сипаты [2, 586.]. Сондықтан да өнерге деген қажеттілік сезім, оны сезіну және түсіну, көркем шығармашылыққа қабілеттілік сияқты сапалар эстетикалық тәрбиенің негізгі құрылымдық бөлігі болып саналады. Жас ұрпақ тәрбиесінде қазақ халқының негізгі құралы- өнер, оның ішінде музыка мен сөз өнері болған. Бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жырлардың неше түрін әдемі әуен, сүйкімді сазбен жұптастырып, бала бойына сіңіріп отырған.

Өнердің түрлерінің көп түрлілігі өмірді барлық күрделіктерінен және байлығымен эстетикалық «меңгеруге» мүмкіндік тудырады. Өнердің негізгі және жанама түрлері болмайды, бірақ әрбір түрдің өзінің басқа өнер түрлеріне қарағанда күшті және әлсіз жақтары болады.

Өнердің көп түрлерге салалану себебі, болмыстың эстетикалық сантүрлігіне сүйенеді. Сондай-ақ мұнда суреткердің рухани байлығы да, мәдени дәстүрлердің бай болуы да мәнді. Адамзаттың дүниежүзілік тарихи

тәжірибесінің негізінде, адамдардың өмір сүру үшін әрекеттері барысында адам рухының байлығы туды, адамның эстетикалық сезімдері дамыды. Адам әрекеттерінің салаларының кеңеюімен эстетикалық құндылықтар аясы да кеңиді. Адам табиғатты, өзін және қоғамды эстетикалық тұрғыдан қабылдайтын болады. Адам игілігіне қызмет ететіндер сұлулық ретінде бағаланды. Заттың ішкі қажеттіліктерін жетілдіру үшін жасалған адам әрекеті жасампаздық пен шығармашылық тудырады, сұлулық заңдылықтарын жасады. «Сұлулық-объективті». Ол жеке адамның қабылдауына тәуелді емес, ол сол заттың жалпыға мәнді мүмкіндікті қажеттілігіне байланысты.

Өнердің күрделі түрлерінің бірі Оркестр музыкалық шығарманы әр түрлі аспаптарда қосылып орындайтын музыканттар коллективі (ұжымы). Оркестрдің қалыптасуы XVII ғасырдың бас кезінде музыкалық жанрдың (опера, оратория, концерт) пайда болуымен сәйкес келеді. Оркестр аспаптық құрамына (біркелкі немесе аралас және қолдануына (әскери, эстрадалық т.б.) қарай топталады. Құрамына қарай оркестр симфония (шекті ысқышты, ағаш және мыстан жасалған үрмелі аспаптар, соқпалы аспаптар т.б.), ысқышты (тек қана ысқышты аспаптар), үрмелі ойнайтын және соқпалы аспаптар), бэнд (тек қана мыстан жасалған аспаптар), халықтың музыкалық аспаптары, камералық, джаз т.б. түрлерге бөлінеді. Оркестр негізінен профессионалдық және көркемөнерпаздар оркестрі болып екіге бөлінеді.

Профессионалдық оркестр дегеніміз – музыкалық сауаты бар, өз аспабын белгілі бір деңгейде жете меңгерген орындаушылардан құралған ұжым. Мұндай ұжымдарға музыкалық оқу-орындарының, ән-би ансамбльдерінің, филормонияның, опера және балет жанрларының оркестрлері, сонымен қатар ірі ұлт аспаптар, симфониялық оркестрлер жатады. Оркестрдің жоғарғы формасы–симфониялық оркестр. Оркестрдің шекті аспаптар оркестрі, үрмелі аспаптар оркестрі, камералық оркестр деп аталатын түрлері бар. Оркестрді орындаушы ұжымның өзіндік ерекшеліктеріне орай әскери оркестр, эстрадалық оркестр және т.б. деп те атайды. Ұлт аспаптар оркестрінің сан алуан түрінің ішінде Қазақстанда атағы шыққан Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі, “Отырар сазы” т.б.

Құрманғазы атындағы мемлекеттің ұлт аспаптар оркестрі.

1935 жылы КазЦИК – тің атындағы бірінші ұлттық қазақ оркестрі негізінде Қазақтың мемлекеттік филормониясы ашылды. Халық аспаптар оркестрі (қазіргі қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік ұлт аспаптар оркестрі) негізгі творчествалық коллектив есебінде филормонияның құрамына берілді. Филорионияның директоры және оркестрдің жетекшісі болып А.Қ.Жұбанов тағайындалды.

Құрманғазы атындағы мемлекеттің ұлт аспаптар оркестрі.

1935 жылы КазЦИК – тің атындағы бірінші ұлттық қазақ оркестрі негізінде Қазақтың мемлекеттік филормониясы ашылды. Халық аспаптар оркестрі (қазіргі қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік ұлт аспаптар оркестрі) негізгі творчествалық коллектив есебінде филормонияның құрамына берілді. Филорионияның директоры және оркестрдің жетекшісі болып А.Қ.Жұбанов тағайындалды.

Қазақтың халық аспаптар оркестрі 1953 жылы Бухаресте болған жастар мен студенттердің бүкіл дүние жүзілік фестивалінің алтын медаліна, 1967, 1972, 1979, 1981 жылдары музыкалық ұжымдар конкурсының 1-дәрежелі дипломына ие болды. Оған Одақ бойынша 3 оркестрдің бірі қатарында академиялық ұлт аспаптар оркестрі деген құрметті атақ берілді. «Отырар сазы» Нұрғиса Тілендиев атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық халық аспаптар оркестрі 1980 жылы құрылған. Оның көркемдік жетекшісі, әрі дирижеры ССРО халық артисі Н.Тілендиев алғашында шағын ансамбль ретінде ұйымдастырып, 1982 жылы оркестр санатына көтерді. Композитордың жетекшілік етуімен қазақтың фольклорлық-этнографиялық “Отырар сазы” оркестрінің құрылуы Қазақстан үкіметінің қазақ халқының музыка мұрасын кеңінен, жан-жақты пайдалануға көңіл қойғанын тағы да дәлелдеп берді. Оркестрде түрлі музыкалық аспаптардың (шаңқобыз, жетіген, үскірік және т.б.) дыбысының жарасымды үйлесім табуы дыбыс күшейткіш арқылы сәтті шешілген. Осының нәтижесінде өте баяу әрі нәзік дыбысты түрлі аспаптардың оркестрде пайдалануына мүмкіндік туды. Осының бәрі бұрын халық оркестрлерінде пайдаланылмаған аспаптардың жаңа колористік мүмкіндіктерін ашып берді. [1, 58-59б.].

Қазақстан композиторларының шығармалары ұлттық нақышымен ерекшеленді. Қазіргі кезде оркестр құрамында 65 өнер шеберлері қызмет етеді. Солтүстік Кореяда өткен дүниежүзілік өнер фестивалінде (1994) «Отырар сазы» оркестрі 1 орынды иеленіп, алтын жұлдемен оралды. 1999 жылы оркестрге Нұрғиса Тілендиев есімі, 2000 жылы Академиялық атағы берілді. Осы кілердің ізін жалғастырушы дирижердің майталманы Айтқали Жайымов.

ЖАЙЫМОВ АЙТҚАЛИ ТІЛЕПҚАЛИҰЛЫ - 1947 жылы 5-ші мамыр күні Атырау облысы Жылыой ауданында дүниеге келген. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын 1978 жылы дирижер және домбыра мамандықтары бойынша бітірген. 1978 - 1991 жылдары консерваторияның ұстазы, кафедра меңгерушісі, 1991-2007 жылдары Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық Халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры қызметін атқарды. 1979 -1981 жылдары КСРО мәдениет министрлігінің жолдамасымен Монғолияның Улан-Батор қаласында дирижер, ұстаз-консультант болып қызмет атқарды. Академиялық филармониясы қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі, ҚР білім беру ісінің «Құрметті қызметкері», Атырау облысының және Атырау облысы Жылыой ауданының «Құрметті азаматы», профессор. ҚР Композиторлар одағының мүшесі (1999 жылдан) [2].

А.Жайымов ҚҰ консерваториясы домбыра кафедрасының жанынан қазірде өз алдына жеке кафедра болған, дәстүрлі ән, шертер, сыбызғы кластарының ашылуына белсене атсалысты. «Ереуіл атқа ер салмай» (Халық аспаптары оркестріне арналған Күй-поэма), «Шалқыма», «Отпан тау» (домбыра мен оркестрге арналған концерттік күйлер), «Толғау» (кобыз бен оркестрге арналған поэма), «Балдәурен» (домбыра мен фортепианоға арналған үш бөлімді концертино), «Мен сәлем жазамын» (Абай), «Кемеңгер Құрманғазы» (Қадыр Мырза Әли), «Махаббат оты сөнбейді» (Ф.Оңғарсынова), «Аққулар» (А.Бақтыгереева), т.б. оркестрге арналған шығармалармен күйлер, ондаған роман, әндер, хорлар мен бірге жеке домбыраға арналған 30-дан астам күйлерімен әртүрлі аспаптарға жазылған пьесалардың авторы.1991 жылыҚұрманғазыатындағы оркестр құрамынаалғашретқылқобыз, шертераспаптарынозалдынажеке топ ретіндеенгізді.

Гастрольдік сапармен АҚШ, Жапония, Италия, Германия, Франция, Норвегия, Куба, Чехословакия, Қытай, Түркия, Ресей елдерінде болды. А.Жайымов «Бейбарыс сұлтан» операсының (Арман Жайыммен бірлесіп жазған, либреттосы Айтқали Жайымов, Ұлықбек Есдәулет), Төлебидің 350 жылдығына орай театрландырылған қойылымға жазылған музыканың (Арман Жайыммен бірлесіп жазған, либреттосы Маралтай Райымбекұлы), «Ереуіл атқа ер салмай» (Халық аспаптары оркестріне арналған Күй-поэма), «Шалқыма», «Отпан тау» (домбыра мен оркестргеарналғанконцерттіккүйлер), «Толғау» (кобыз бен оркестргеарналған поэма), «Балдәурен» (домбыра мен фортепианоға арналған үш бөлімді концертино), «Мен сәлем жазамын» (Абай), «Кемеңгер Құрманғазы» (Қадыр Мырза Әли), «Махаббат оты сөнбейді» (Ф.Оңғарсынова), «Аққулар» (А.Бақтыгереева), т.б. оркестрге арналған шығармалар мен күйлер, ондаған романс, әндер, хорлар мен бірге жеке домбыраға арналған 30-дан астам күйлері мен әртүрлі аспаптарға жазылған пьесалардың авторы. Сонымен бірге ол, Халық композиторлары Қорқыт, Кетбұға, Құрманғазы, Дәулеткерей, Түркеш, Махамбет, Тәттімбет, Абыл, Есір, Байсерке, Қартбай, Қазанғап, Сейтек, Сүгірдің күйлерімен, қазақстан және шет ел композиторларының көптеген шығармаларын халық аспаптары оркестріне лайықтап түсірді. Ал Құрманғазының «Ақбай» және «Сарыарқа» күйлерін, түпнұсқасын өзгертпестен, хор мен оркестрге лайықтады. А.Жайымов «Шалқыма», «Шаттанамын» жинақтары мен «Домбыра ойнау өнері», «Домбыраүйретумектебі» (С.Бүркітов, Б.Ысқақов), жалпыбілімберетінмектептің 5-6 сыныпоқушыларынаарналған «Музыка» (Б.Ысқақов, Ж.Еңсепов, Ж.Сәрсенбенев) оқулықтарының авторы. Шәкірттері- ҚР еңбексіңіргенартистіА.Үлкенбаева, профессор Б.Ысқақов, ғылымкандидаттары- Ж.Еңсепов, Е.Тұңғышұлы, Ж.Нәжімеденов, Халықаралық және республикалықконкурстардыңлауреаттары- Е.Нұрымбетов, Ә.Шоқанбаев, Т.Естаев, Т.Тоғжанов т.б. Республикағабелгіліөнершеберлері[3].

Қазақстанда қасиетті күй өнерін дамыту үшін, композитордың пікірі бойынша:

- Бұған айтарым, әр өңірдің өзінің мектебі болады. Академик Ахмет Жұбанов жеті домбырашылық мектеп бар десе, кейін олардың саны көбейді. Мысалы, Батыс Қазақстанд төкпе күй жанры дамыса, соның ішінде Құрманғазы, Дина, Дәулеткерейдің, сондай-ақ Маңғыстау, Қазанғап мектебі болып бөлінеді. Біріншіден, сол әр өңірдің күйлерін білу керек. Сосын түпнұсқасынан айнытпай орындай білудің өзі үлкен біліктілікті қажет етеді десе, еліміздегі дирижерлық өнердің дамуы қандай деңгейде деген сұраққа: Ең алғаш 2001 жылы Оралда Шамғон Қажығалиев атындағы республикалық конкурс өтті. Сосын бұл үрдіс Алматыда Нұрғиса Тілендиев, Талдықорғанда Мұқан Төлебаев, Ақтауда Боздақ Рзаханов, Атырауда Сейілхан Құсайынов пен Рысбай Ғабдиев, Астана да Айтқали Жайымов атындағы байқауларға жалғасты. Қазақстанда ең бірінші иығына фрак киіп, дирижерлық тұғырда көрінген Ахмет Жұбанов еді. Содан кейін Шамғон Қажығалиев консерваторияда дирижерлық кафедрасын ашып, одан әрі дамытты. Сол консерваторияны бітіргендер арасынан мықты дирижерлар тәрбиеленіп шықты. Бұл дәстүрді орта және кейінгі буын өкілдері жалғастырып келеді. Дирижердың кәсіби деңгейде қалыптасуына республикалық және халықаралық конкурстар ықпал етеді деп айтар едім деп жауап берген.

Ал конкурстардың берері не десек, ең алдымен дирижерлар мұндай мектептен өтуі керек. Сонда ысылады, тәжірибе жинақтайды. Ең бірінші дирижердың классикалық бағыты болуы керек. Оның басты мақсаты – композитордың жазған шығармасын оркестр арқылы тыңдарманға жеткізу. Соңғы кезде кейбір дирижерлар оркестр мен халықты шатастырып алған секілді. Мысалы, оркестрге емес, халыққа қарап тұрып дирижерлық жасайтындар бар. Дирижер көрерменді алаңдатпауы тиіс, ол сайқымазақ емес [4].

Қазақстандағы күй және дирижерлық өнердің майталманы Айтқали Жайымовтың марапаттарына келсек:

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (1994);

Өнертану мамандығы бойынша профессор (1997);

ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері (2007);

Атырау облысы, Жылыой ауданының Құрметті азаматы (2007);

«Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапатталды (2011);

Атырау облысының Құрметті азаматы (2014);

«Қазақ хандығына 550 жыл» медалімен марапатталды (2015);

«Алпамыс батыр» медалімен марапатталды (2017);

«Түрксой» медалімен марапатталды (2017);

«Қазақ ұлттық өнер университетіне 20 жыл» медалімен марапатталды (2018);

«Парасат» орденінің иегері (2018);

«Махамбет» атындағы сыйлықтың иегері (2019).

Жайымов Айтқали Тілепқалиұлы Қазақ елінің кәсіби музыка саласының деңгейін жоғарылатып, құнды шығармалармен әлем жұртшылығына танымал бола, еңбегімен көріне білген композитор. Қазақ күйлері мен әндерін оркестрге лайықтап, өңдеу мен оны орындата білу де үлкен шеберлікті қажет етеді. Талай ғасыр тылсым дүниеде өмір сүрген ата-баба музыкаларын, қазіргі заман талабына сай, көркемдеп, орындау шеберлігі, жауапкершілік пен майталмандықтың иесін көрсете алады. Сонымен, композитор Айтқали атамыздың шығармалары қазіргі жоғары оқу орындарында жалғасын тауып, талай шәкірттердің жетілуіне үлес қосуда. Қазақ музыкасының кәсіби дамуына ат салысқан, жаңашыл қайраткер ұстаздың еңбегі ерен, мәңгілік мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Казин А.Л. Искусство и духовная культура //Искусство в системе Культуры. - Л.: Наука, 1987 ж.58 – 59б.
2. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені. Екі томдық анықтамалық. -Алматы, 2011 жыл.
3. Бес ғасыр жырлайды. - Алматы, 1984 ж. I-II том. – 16-17б.
4. Қазақ өнері. Энциклопедия. – Алматы: Бірлік, 2002 ж. – 603б

САРАЙШЫҚ - ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

Жумажанова А.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті.
Қарағанды қ.

Сарайшық – ұлы дала тұсындағы ежелгі қала, сонымен қатар Жошы ұлысының саяси, сауда және мәдени орталығы ретінде танылған. XII-XVI ғасырларда бұл қала гүлденіп, Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды сауда-дипломатиялық торапқа айналады. Бұл қала тағдыры аяқталмай тұрып, тарихта жарқын із қалдырған үш ғасыр өмір сүрді. 1580 жылы Сарайшық қаласын казактар толығымен қиратып, өртеп жіберген болатын. Дегенмен, осы бүгінге дейін жеткен қирандылар арқасында бұл жай ғана сауда орталығы және Алтын Орда мен Қазақ хандығының астанасы ғана емес, сонымен қатар дамыған инфрақұрылымы бар көрнекті қала екендігін байқай аламыз. Қала жөнінде әйгілі араб саяхатшысы Ибн Баттута 1334 жылы Сарайшыққа саяхат жасағаннан кейін өзінің «Дешті Қыпшаққа саяхат» атты еңбегінде: «Мен бүкіл әлемді араладым, бірақ Сарайшықтың Бағдаттан кейінгі ең үлкен қала екенін білгенде қатты таң қалдым. Міне, ханның ордасы, төрт мешіт және көптеген керуен сарайлар сән-салтанатпен жарқырайды. Бірақ мені ең қатты таң қалдырғаны су құбыры болды. Сарайшықта су әр үйге құбырлар арқылы берілген. Осыған таң қалдым» деп жазған. Қала жөніндегі деректерді көптеген ортағасырлық авторлар қалдырған болатын. Солардың ішінде Ибн Баттута, Ал Омари, Франческо Пеголотти, Хамдаллах Казвини, Мұхаммед Хайдар Дулати, Жалайри және Әбілғазы және т.б. Сарайшық тарихы әртүрлі деректер бойынша XII-XIII ғасырларда бастау алған. Әбілғазы хан дерегі бойынша қаланың негізі Шыңғыс ханның немересі, Русь пен Шығыс Еуропа жерлерін жаулап алушы Батый бұйрығымен салынған. Бұл тұста Әбілғазы ханның Берке жөнінде «бір күні ол ағасы салдыртқан Сарайшық қаласына жол тартты» деген баяндамасын негіз қылып алуымызға болады [1].

Сарайшық қаласы жөнінде кездесетін көптеген жазба деректерде оның Батый хан негізін қалаған транзиттік сауда жолы бойында орналасқан қала ретінде есептеулері орынды деп айта аламыз. Алайда осы уақытқа дейін жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қалашықтың моңғолдар дәуіріне дейін қалыптасқанын байқауға болатындығы жөнінде пікірді алғашқылардың бірі болып осы қалашықта археологиялық зерттеу жұмысын жүргізген Ә.Х. Марғұлан білдірді. Әлкей Марғұлан білдірген тұжырымдаманы сонымен қатар 1980 жылы жүргізілген Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының жетекшісі С.П. Толстовта қолдаған болатын. Яғни бұл тұста Толстов пікірі бойынша Сарайшықтың төменгі қабаты XI ғасырлардағы Хорезмдік ескерткіштерге өте ұқсас болып келген және осыған орай оны X-XI ғасырларда хорезмдік колониялар тұрғызға болуы керек деп есептейді. Бұл тұжырымдамаға сәйкес Сарайшық қаланың алғашқы кезеңдегі атауы емес және қаланың алғашқы атауы ерте ортағасырлық Саксин қаласы болуы мүмкін деп есептеледі [2]. Бұл тұста біз егерде Саксин қаласының Хазария қаласы екендігін ескерсек, қаланың алғаш салынуын VII-X ғасырлар аралығында өмір сүрген Хазар қағанаты ескерткіштері уақытында салынған деп есептеуіміз қажет. Мұндай пікірді қазірдің өзінде С.Ажиғали, Б.Ермұханов және Т.Омарбеков сынды ғалымдар қолдайды. Бұл тұжырымдар тек заттай дерек түрінде ғана тұжырымдалмай жазбаша деректерде де сәйкестендіріліп, тұжырымдалады. Бұған мысал ретінде біз араб тарихшысы және географы Ибн Дастеннің еңбектерінде кездестіре аламыз. Оның еңбегінде Каспий теңізінің солтүстік аумағында мекен еткен хазарлардың екі басты қаласы болып есептелетін Сарашень және Хабнела қалалары туралы айтылған. Оның еңбегіне сүйенсек бұл қалаларда тұрған халықтар қалаларды тек қыстау ретінде пайдаланып, көктемде жайлауға қарай көшіп кетіп отырған. Сонымен қатар қала халқының көбі мұсылмандар болып, салыну құрылысы әртүрлі мешіттер салынған. Императорлық орыс география қоғамының